

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ



L.N. GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY

ЕВРАЗИЙСКИЙ
НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ
ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА

ХАБАРШЫ

1995 жылдың қаңтарынан жылына 6 рет шығады

№ 5 (120) • 2017

ВЕСТНИК

выходит 6 раз в год с января 1995 г.

II бөлім

HERALD

Since 1995

Астана

Гуманитарлық ғылымдар
сериясы

Серия гуманитарных наук

Humanities Series

Жылына 3 рет шығады

Выходит 3 раза в год

Published 3 times a year

Бас редактор: **Е.Б. Сыдықов**,
ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор

Редакция
алқасы: **Д. Қамзабекұлы (жауапты редактор)**

*ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі,
филология ғылымдарының докторы,
профессор, Қазақстан*

Ж.М. Әбділдин
*ҚР ҰҒА академигі, философия
ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан*

С.А. Қасқабасов
*ҚР ҰҒА академигі, филология
ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан*

Н. Омашев
*ҚР ҰҒА академигі, филология
ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан*

Б.Е. Көмеков
*ҚР ҰҒА академигі, тарих
ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан*

Д.М. Мадиярова
*экономика ғылымдарының докторы,
профессор, Қазақстан*

Н.Қ. Қалиев
*саяси ғылымдарының докторы,
профессор, Қазақстан*

Ж.О. Артықбаев
*тарих ғылымдарының докторы,
профессор, Қазақстан*

Ж.А. Жақыпов
*филология ғылымдарының докторы,
профессор, Қазақстан*

З.Е. Қабылдинов
*тарих ғылымдарының докторы,
профессор, Қазақстан*

С.К. Сәтенова
*филология ғылымдарының докторы,
профессор, Қазақстан*

Ш.Қ. Жарқынбекова
*филология ғылымдарының докторы,
профессор, Қазақстан*

Қ.Қ. Шалғынбаева
*педагогика ғылымдарының докторы,
профессор, Қазақстан*

Р.С. Елмурзаева
*саяси ғылымдарының докторы,
профессор, Қазақстан*

Анджей Вержбицки
*гуманитарлық ғылымдар докторы,
Польша*

Грегори Глиссен
Проф. Др., Германия

Джей Натан
Проф. Др., АҚШ

Джаң Динджин
Проф. Др., ҚХР

Т. Дронзина
*филология ғылымдарының докторы,
профессор, Болгария*

Унал Хасан
Проф. Др., Түркия

Шарад Кумар Сони
Проф. Др., Үндістан

Г.А. Шарипова
*филология ғылымдарының кандидаты,
Қазақстан*

Р.С. Салықжанов
*элеуметтану ғылымдарының
кандидаты, доцент м.а., Қазақстан*

А.М. Есенғалиева
*педагогика ғылымдарының кандидаты,
доцент, Қазақстан*

<i>Ешимов М.П., Ахмедова А.К., Нуртилеуова С.Р.</i> Способы презентации сложных глаголов казахского языка на занятиях КазКИ.....	482	<i>Мусатаева Ф.М., Окасова Г.Е.</i> Представления молодежи о престижности профессии в условиях социально-экономической трансформации Республики Казахстан.....	557
<i>Жақупова И.Ж.</i> М.Сералиннің «Айқап» журналындағы публицистикасына талдау.....	486	<i>Нуржан С.</i> Исторический анализ попытки реанимации Советского государства путем оживления Советов и их исполнительных структур.....	562
<i>Жумабекова Н.Б.</i> Профессиональное становление будущего педагога в инновационных условиях.....	490	<i>Nurshaikhova Zh.A., Mashinbayeva G.A.</i> Dialog structuring.....	566
<i>Ібраев А.Т.</i> Управление персоналом – фактор качества продукции предприятия.....	493	<i>Сидикова Г.Б.</i> Араб тілін үйретудегі қиындықтар.....	568
<i>Ільясова А.Ш.</i> Бастауыш буын оқушыларының оқу жетістіктерін тиімді бағалау жүйесін енгізу жолдары.....	497	<i>Смагулова А.Е.</i> Механизмы защиты права на благоприятную окружающую среду.....	572
<i>Исахова Г.Д.</i> Ажырасудың әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-психологиялық салдарына қатысты зерттеу жұмыстарын талдау.....	500	<i>Tastanova M.M.</i> The Benefits and Risks of Children's Participation.....	574
<i>Искакова Г.Н., Қарагойшиева Д.А., Баязитов Б.Б.</i> Елбасы сөзінің просодиясы.....	504	<i>Тлеубаева А.Т.</i> Направления развития сельского туризма в Казахстане.....	577
<i>Каражанова Ж.К.</i> Сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастырып алдын алуда мемлекеттік органдар қызметінің рөлі.....	510	<i>Толубеков А.Т.</i> Законодательная функция парламента Республики Казахстан.....	584
<i>Карибаева А.К.</i> К вопросу о гражданско-правовой ответственности за коррупционные правонарушения.....	517	<i>Толубаева А.М.</i> Художественный перевод и проблемы перевода метафор направления развития сельского туризма в Казахстане.....	588
<i>Касымова А.М.</i> Қазақстандағы туризм саласының транзиттік әлеуетті пайдалану жолдары.....	520	<i>Төребекова С.М.</i> Армян жазулы қыпшақ ескерткіштерінің жанрлық түрлері мен зерттелуі.....	593
<i>Касымова А.М.</i> Қазақстанның туризм кешеніндегі көлік саласының маркетингтік стратегиясының мәні мен маңызы.....	524	<i>Төлеуова К.Ш.</i> Жетекші елдердің сыртқы мәдени саясатының кейбір ерекшеліктері.....	598
<i>Касымова А.М.</i> Қазақстан Республикасы туризмдегі көлік кешенінің қазіргі жай-күйін талдау.....	528	<i>Түрсұнқан Б.Б.</i> Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып алумен байланысты қатынастарды құқықтық реттеу мәселелері.....	603
<i>Касымова А.М.</i> Туризм саласындағы көлік инфрақұрылымын ғылыми-әдістемелік негізінде зерттеу.....	532	<i>Утемғалиева Н.А., Бектемирова С.Б.</i> Қазіргі білім беру жүйесі академиялық терминдерінің түсіндірмесі.....	608
<i>Кемербаев Р.</i> Қазақ елі – Жерұйық.....	536	<i>Чункенова С.С.</i> Нәтижеге бағытталған жаңа бағдарламаның тиімділігі.....	611
<i>Машинбаева Г.Ә., Сергазы Л.А., Қойлыбаева С.С.</i> Жазылым сабақтарындағы жазу тапсырмаларын орындату.....	540	<i>Шакирова А.Д.</i> Студенттердің бойында экономикалық сананы дамытудың кейбір мәселелері.....	614
<i>Медетбекова А.А.</i> Қазақ халықының этнодидактикалық идеяларын пайдаланудың педагогикалық шарттары.....	543	<i>Шойбекова Ф.Б., Оданова С.А., Сергазы Л.А.</i> Ұят ұғымын беретін вербалды және бейвербалды амалдардың гендерлік сипаты.....	617
<i>Мұсаева Г.Ә., Сергазы Л.А., Дүйсенбаева Р.И.</i> Қазақ тілін шет тілі ретінде үйренудегі қателер табиғаты.....	547	<i>Шойбекова Ф.Б., Отарбекова Ж.К.</i> Көне түркі сөздігіндегі соматикалық фразеологизмдердің жасалуы мен уәждемесі.....	622
<i>Мусалимов И.Т.</i> Актуальные проблемы противодействия наемничеству в современных условиях.....	551		

References

- 1 S.S.Sedel'nikov. Social'naya posledstviya razvodov: Dis...k.s.n.:22.00.01. – Moskva, 1990. 190 b.
- 2 M.K.Vojnova. Fenomen razvoda v sovremennom kapitalisticheskom obshchestve. Diss.. k.s.n.: 22.00.01. - Moskva, 1990.-170 b.
- 3 E.G.Laktyuhina. Razvod v molodyh sem'yah v usloviyah transformacii cennostej sovremennoj Rossii. Diss... k.s.n.:22.00.04. – Volg., 2013. 175 b.
- 4 S.A.Kireeva. Razvod v pozhiloy sem'e: social'no - demograficheskij kontekst. Diss... k.s.n.:22.00.03. – Saratov, 2014. 130 b.
- 5 Z.ZH.Zhanazarova. Sem'ya kak social'nyj institut. ə.f.d.: 22.00.04. – Almaty, 2005. 230 b.
- 6 A.B.Valieva. Psihologicheskaya adaptaciya razvedennyh zhenshchin v postrazvodnyj period. p.f.kand.: 19.00.01-Almaty, 2005. 152 b.
- 7 G.K.Slanbekova. Social'no-psihologicheskie faktory sovladaniya s psihologicheskoy travmoy v situacii razvoda. Diss...f.f.d. (PhD) – 6D050300 – Almaty, 2015. 154 b.
- 8 A.B.Kalysh. Problemy sem'i i braka kazahov v 1970-2000-e gody: ehtnologicheskoe issledovanie. Diss...t.f.d. – 07.00.07 – Almaty, 2015. 270 b.

В данной статье автор анализирует основные концепции исследовательских работ социально-экономических и социально-психологических последствий разводов.

Ключевые слова: *развод, социально-экономические последствия разводов, социально-психологические последствия разводов.*

In this article, the author analyzes the main concepts of research work on socio-economic and socio-psychological consequences of divorce.

Key words: *divorce, social and economic consequences of divorce, social and psychological consequences of divorce.*

Редакцияға 15.08.2017 қабылданды.

ӨЖ 81'34

Г.Н. Искакова, Д.А. Қарагойшиева, Б.Б. Баязитов
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ЕЛБАСЫ СӨЗІНІҢ ПРОСОДИЯСЫ

Мақалада саяси дискурстың бір мысалы болып табылатын Қазақстан Респубикасы президентінің соңғы екі жыл, яғни 2016 және 2017 жылдары халқына жолдауы материалы негізінде просодиялық ерекшеліктерін анықтау талпынысы жасалды. Талдау PRAAT бағдарламасының көмегімен тон ерекшелігін зерттеу негізінде орындалды. Халыққа елбасы жолдауы ауызша және жазбаша мәтін түрінде жеткізіледі. Ал аталмыш зерттеу жұмысы үшін ауызша сөзі, оның ішінде спонтанды немесе квазиспонтанды сөзі қарастырылды. Зерттеу қорытындысына сәйкес елбасы сөзінде ерекше просодияға ие болған категориялар анықталды.

Түйін сөздер: *дискурс, саяси, просодия, жолдау, елбасы, спонтанды сөз.*

Қазіргі таңда көптеген ғалымдар өз қызығушылығын дискурс тақырыбына, атап айтатын болсақ, саяси дискурс [1; 2], медиадискурс [3], кәсіби дискурс [4; 5;] және басқа да дискурс түрлеріне аударып отыр. Кузнецова Т.Д мен Умиткулова А.Н. өз жұмыстарын шетел тілін оқыту үдерісінде жазбаша академиялық сауаттылықты қалыптастыру мәселесіне арнап, академиялық дискурс тақырыбын қозғаса [6], Жумагулова Н.С. білім беру дискурсындағы тілдік тұлғаны қалыптастырудың дәстүрлі емес әдістерін зерттеді [7]. Ғылымдағы академиялық дискурс және академиялық тіл және олардың ерекшеліктерін әртүрлі қырынан қарастыру ағысы Қазақстан ғалымдарының да назарын аударуда. Аталмыш жұмыс қазақ тіліндегі материал негізінде академиялық дискурс және оның просодиялық қасиеттеріне арналған зерттеуге арналады.

Қандай да бір тілдегі материалдың просодиясына бағытталған жұмыстар ауызша материал тізбегін қажет етеді. Сондықтан зерттеу нысаны болып табылатын Қазақстан Республикасының алғаш Президентінің 2016 [8] және 2017 жылдары жасаған Қазақстан халқына арналған жолдауының [9] ауызша мәтіні болмақ. Бұл зерттеу Praat бағдарламасын [10] қолдану арқылы дауыс тонының ерекшеліктерін анықтау үшін жасалған компьютерге негізделген талдаумен байланысты.

Саяси тұлғалардың сөзі ғылымның әртүрлі салаларында әртүрлі мақсатта қарастырылды. Саяси тұлғалар, әсіресе президент немесе ел басшыларының саяси ораторлық сөзі саяси тұлғаның өз имиджі, сонымен қатар сөзін бағыттап отырған, тыңдап отырған аудиторияға әсер ету үшін де өте маңызды. Ең алдымен ол өзіне назар аударту, сөзінің мазмұнын жеткізе алу, ізінен ерте алу секілді мақсаттарды көздейді. Елімізде ең бірінші саяси тұлға елбасы болып табылатыны айқын. 140 астам ұлт өкілдерін бейбіт Қазақстанның қанатының

астында басқару президенттің іс-әрекеті мен имиджі, сөйлеген сөздеріне тікелей байланысты. Сондықтан халық алдындағы сөзінің просодиялық қасиеттерін қарастырудың алғышарттары осы мақала барысында жасалмақ. Ал елбасының бүкіл халыққа арнайтын, жыл сайын орын алатын жолдауы осы зерттеудің материалының рөлін атқарады.

Елбасының 2016 және 2017 жылғы Қазақстан Халқына Жолдауы жазбаша және ауызша мәтін түрінде беріледі. Ауызша мәтінді қарастыруды мақсат тұтқан аталмыш мақалада елбасының сөзінің тек спонтанды түрде айтылған сөзі ғана бөліп алынады. Қазақстан Республикасының президентінің Халыққа жолдауының бір ерекшелігі заңға сәйкес қазақ мемлекеттік тіл ал орыс тілі ресми тіл болғандықтан оның екі тілде қатар жеткізілуінде болып отыр. Жолдаудың толық мәтінін спонтанды деп айтуға болмайды, себебі елбасы мәтіні алдын ала дайындалған, қағазға жазбаша мәтін түрінде түсіріледі, және халық алдында сол мәтін оқылады. Алайда берілген мәліметке елбасы қандай да бір қосымша ақпарат, түсіндірмелер, перефразалау келтіру үшін спонтанды сөз түрі де қолданылады.

Аталмыш зерттеу жұмысы барысында жоғарыда атап өткендей президенттің саяси дискурс аясындағы сөзін қарастыру көзделеді. Алайда халық алдындағы елбасының сөзі негізінен қағаздан немесе басқа да құралдар көмегімен оқу арқылы жеткізіледі, сөз арасында кейбір бөліктер спонтанды болып көрінгенмен, ол алдын ала тыңғылықты түрде дайындалған жоспар бойынша беріледі. Зерттеу материалы болып табылатын елбасының Қазақстан Республикасы халқына жолдауларын дайындалмаған сөз деп айту қиынға соғады, өйткені ол белгілі бір тақырып аясында айтылуы тиіс жағдайларына дайын болады. Сондықтан бұндай сөздерді шартты түрде ғана спонтанды, нақтырақ айтсақ квазиспонтанды деп атауға болады.

2016 жылғы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Елбасының Халыққа жолдауы жалпы 92 минут 30 секунд уақытқа созылды, яғни жалпы 8800 сөзді құрады. Оның ішінде 1324 яғни 15 % қазақ тілінде жеткізілді. Ал 2017 жылғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан Республикасының Халыққа жолдауы 9 минут 30 секундқа созылды (оның 21% қазақ тіліне тиесілі). Оның себебін де айтып кеткен жөн болар. 2017 жыл Қазақстан Республикасы үшін маңызды жылдардың бірі болды. XXVIII қысқы Дүниежүзілік Универсиада Қазақстан жерінде орын алды және барлық назар мен көңіл осы іс-шараны ойдағыдай өткізу міндетіне бөлінгендіктен, жыл сайын өткізілетін Президенттің халыққа жолдауы Елбасының шешуімен басты өзгерістерді халық назарына ұсыну үшін қысқаша ғана үндеу түрінде жеткізілді. Жалпы екі жылғы Президенттің халқына жолдауы бойынша 9752 сөзден тұратын ауызша мәтін қарастырылды.

Президент жолдауларының аудиожазбасы негізінен youtube.com сайтынан видео материал түрінде алынды. Бұл видео материал онлайн конвертер көмегімен wav аудио форматына ауыстырылды. Содан кейін ғана бұл материалға PRAAT бағдарласында фонетикалық талдау жасалды. Осылай зерттеу үшін 2 аудиожазба дайындалды:

А 1 (аудиожазба 1) – Нұрсұлтан Назарбаев, «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Елбасының Халыққа жолдауы, 2016 ж., 92 минут 30 секунд

А 2 (аудиожазба 2) - Нұрсұлтан Назарбаев, «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан Республикасының Халыққа жолдауы, 2017 ж., 9 минут 30 секунд

Жалпы спонтанды ауызша дискурс белгілі бір жағдайға жылдам жауап беру нәтижесінде туады. Сондықтан оқылған мәтін мен спонтанды түрде айтылған сөздердің просодиясында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Жоспарланбаған сөз әдетте жай сөйлемдерден, коррекциялардан, бір-бірімен байланыспайтын екі түрлі ойлардың да кездесуімен ерекшеленеді. Дайындалған мәтінді оқуға қарағанда спонтанды сөзде кездесетін хезитациялар мен кідірістердің өзіндік ерекшеліктері болады.

Спонтанды сөзді түсіну негізінен паралингвистикалық және кинетикалық түрде, яғни дауыс ырғағы, тон, дыбыс қарқындылығы, дауыс қасиеті, сөз қарқыны, ым-ишара мен бет-әлпет қимылы секілді тәсілдерді қолдана отырып ақпаратты жеткізу арқылы жүзеге асады.

Елбасы жолдауы сөзін талдау барысында келесі маңызды категорияларға назар аударылды: қайталама (repetition), түсінік беру және қыстырма (comments and parenthetical insertion), сұраулы сөйлем және салыстыру. Біздің бұл категорияларды талдау себебіміз олардың сөзде қолдануы кезінде ерекше просодиялық қасиеттерге ие екені байқалады. Сонымен қатар елбасы сөзінде сандар мен нақты фактілерді келтіргенде, керек (надо, должен) деген етістіктерді қолдану кезінде жоғары тонның қолданылуы байқалады.

Алдымен таңдап алынған корпустан спонданды (квазиспонтанды) сөйлеу кездері бөліп алынып, соның ішінен аталмыш категориялардың кездесуі талданды.

Қайталама берілген ақпаратты түсіруді жеңілдетудің бір амалы болып саналады. Қайталама негізінен белгілі бір аудитория алдында немесе соған бағытталған сөздерде жиі кездеседі. Ауызша академиялық дискурсты қарастырған Гименез [11 сілтеме жасалған] және Дж. Флоурдоу және Л. Миллер [12] қайталамадың маңыздылығын дәлелдей отырып, академиялық тілді жеңілдетудің үш жолының бірі деген ойға келді. Бұдан шығатын қорытынды қайталамады белгілі бір ақпараттың маңыздылығын көрсету, аудитория назарын сол нысанға аудару, сөздің когезиясын құру үшін қолданылады.


Зерттеуде елбасының сөзінде қайталамадың екі түрі байқалды: синтактикалық қайталама (құрылымның қайталамаы) және лексикалық қайталама (сөздердің қайталамаы).

2016 жылғы Жолдауда кездесетін төменгі бірлік лексикалық қайталаманың мысалы болып табылады:

(1) Где нет государственности, где нет власти, там вольно себя чувствуют всякие бандиты, экстремисты, террористы.

Бұл сөзді Елбасы елдегі сол замандағы тұрақсыздылық пен елдер арасында және ішінде болып жатқан халықаралық терроризм мәселесін қозғаған кезде айтады. Бұл жердегі где нет деген сөздер екі рет қайталанып, халықтың назарын осы өздерге аударып, мемлекеттілік пен биліктің орын мен маңыздылығын басым көрсетпек болды.

Төмендегі суреттен (сурет 1) елбасының осы фразаны айту барысындағы дауыс тонының өзгеруін байқауға болады, яғни бірінші сөзді айтқан кезде екінші рет қайталануға қарағанда сәл де болса жоғары тонмен айтылатынын байқауға болады.




1-сурет – Ер адам дауысымен айтылған қайталама мысалы. Логарифмдік шкалада көлденең жазықтықта секундпен өлшенген уақыт, тік жазықтықта тон жиілігі Гц-пен берілген.

Где нет сөздерінде где сөзінен бастап нет сөзіне қарай дауыс екіпінінің жоғары бағытта көтерілуін көреміз, яғни 100,2 Hz-тен 151,8 Hz-ке дейін көтеріліп, олардың арасындағы интервал 7,2 ST көрсетеді. Ал қайталанба бөлігінде 102,1 Hz-тен 141,4 Hz-ке дейін өзгергені байқалады, бұл жердегі интервал 5.6 ST тең. Бұдан шығатын қорытынды, елбасының спонтанды (квазиспонтанды) сөзінде қайталанба жиі кездеседі және ондағы лексикалық бірлік бірінші қолданғанда екінші рет қайталанғанына қарағанда төменірек тонмен және интервалмен айтылатыны байқалды.

Ал қазақ тілінде айтылған сөзін алып қарайтын болсақ, елбасының елдің жастары үшін басталғалы отырған «Барлығына тегін кәсіби-техникалық білім беру» бағдарламасының мазмұны мен мағыздылығын таныстыра отырып, жастарға сөзін бағыттайды.

(2) Біз жүзеге асырып отырған түбегейлі реформалар мен атқарып жатқан қыруар істің бәрі сендер үшін, болашақ үшін, жастардың болашағы үшін!

Бұл жерде елбасы үшін деген сөзді бір емес үш рет қайталап отыр, сонымен жасалып жатқан жұмыстардың елдің болашағы болып табылатын жастар үшін екенін басып айтып отыр.



2-сурет – Ер адам дауысымен айтылған қайталама мысалы. Логарифмдік шкалада көлденең жазықтықта секундпен өлшенген уақыт, тік жазықтықта тон жиілігі Гц-пен берілген.


Бұл мысалда назарды үшін деген сөзге аударатын болсақ, бірінші екі рет қайталанғанға қарағанда үшінші рет қайталану бөлігінде оның төменгі тонмен айтылғанын көруге болады, яғни хабарлы сөйлемдегі фразаның соңғы бөлігі және сөйлем соңы болғандықтан төмендеу (falling) тонымен айтылып отыр, бірінші үшін сөзінде автор 151,4 Hz-тен 96,8 Hz-ке дейін (-7.7 ST) тонды түсіріп айтса, екінші де сол шамада, ал үшінші рет үшін сөзін қолдану барысында әлдеқайда төмен тонды қолданады (113,5 Hz-тен 96,8 Hz-ке төмендеу, -2.8 ST).

Сонымен қатар аталмыш қайталанба мысалында екінші және үшінші рет қайталану алдында кішкене пауза жасалады. Бұл мысалда паузалар орташа шамамен 0,4 секундқа созылып отыр.

Енді синтактикалық қайталанба мысалдарына келетін болсақ, елбасы жолдауында 2016 жылға елдің экономикалық жағдайының төмендеуі мәселесіне тоқталып өтті. Мұнайдан келген ақшаның оңды-солды жұмсалғанын, енді әлемдік кризистің келгенін және «Көрпеге қарап көсілу» бюджет саясатының моделінің еліміз үшін пайдасы туралы айта келе, біздің қалай мір сүргенімізді ашық айтып көрсетті.

(3) ...все раздували штаты. И все были довольны. Ходили, спокойно жили...

Осы мысалда автор өткен шақтағы етістіктер тізбесін қолданып, не істегенімізді, ақшаны қалай жұмсағанымызды көрсетіп отыр. Осы сөздің PRAAT бағдарламасындағы көрінісіне көңіл бөлетін болсақ, төмендегідей қорытындыға келетін боламыз.




3-сурет – Ер адам дауысымен айтылған синтактикалық қайталама мысалы. Логарифмдік шкалада көлденең жазықтықта секундпен өлшенген уақыт, тік жазықтықта тон жиілігі Гц-пен берілген.

Бұл мысалда автор үш интонациялық бірлік қолданып отыр, сондықтан автор әрбір интонациялық бірлікте ең маңызды деп санаған сөздерді жоғары тонмен айтып отыр. Ол сөздер штаты, все, ходили. Орта шамамен бұл сөздердің барлығы 211 Hz тонмен дыбысталады. Дауыс ырғағының төмендеуі довольны және жили сөздерінде байқалады, яғни бұл ойдың аяқталғаны жөнінде хабар беріп отыр, сондықтан да довольны сөзінен соң 0,6 секундқа созылған кідіріс бар.

Елбасының жолдауы сөзіне түсінік беру және қыстырма құбылысының жиі кездесуі тән. Автор сөзін оқу не спонтанды түрде жеткізу кезінде берілген ақпаратқа қосымша ойлары мен түсініктер беріп өтеді. Бұл құбылыстардың жолдауы сөзінде орын алуы қарапайым халыққа әрбір сөзінің, ойының түсінікті және дұрыс қабылдануы мақсатымен тікелей байланысты. Әлбетте оқылған және спонтанды айтылған сөздердің айтылу ерекшелігі болады. Хайландтың [] пікірінше түсінік беру не қыстырма құбылысы негізгі ақпарат ағымын бөле отырып, қосымша түсінік немесе аргумент беру үшін қолданылады.

(4) Объем уплаты НДС, так называется НДС налог на добавленную стоимость, упали на четверть, на 25 процентов...

Бұл мысалда елбасы сөз ортасында НДС қысқартылған сөздерінің нені білдіріп тұрғанын түсіндіріп өту үшін, оны ашып көрсетіп отыр. Егер осі іспеттес мысалдарға зер салып қарайтын болсақ, сөзде қыстырма ойлар негізгі снз ағымынан кідіріс арқылы бөлініп тұрады.



4-сурет – Ер адам дауысымен айтылған түсініктеме мысалы. Логарифмдік шкалада көлденең жазықтықта секундпен өлшенген уақыт, тік жазықтықта тон жиілігі Гц-пен берілген.


Бұл мысалда біз екі түсініктеменің қатар келуін көре аламыз. Егер сөйлеуші тұлға бірінші бөлікте НДС сөзіне тоқталса, сөйлем соңында четверть сөзін нақтылап, двадцать пять сөзін қолданып отыр. Қыстырма ой

екі жағынан паузамен шектелген, аяқталған ойды білдіріп отыр. Оны біз ой соңындағы дауыс ырғағының төмендеуінен байқай аламыз. Нақтыланып, түсініктеме беріліп отырған НДС сөзі қыстырма сөзде ерекше жоғары тонмен айтылғанын байқаймыз. Так сөзінен бастап дауыс ырғағы көтеріліп, бір қалыпты айтылып келе жатып, бірден НДС сөзінде 184,5 Hz-ке дейін көтеріліп, келесі сөздерде ойдың соңғы сөзіне дейін бір қалыпты төмен қарай яғни 96,5 Hz-ке түсті. Бұл кенеттен тонның жоғары айтылуы тыңдаушы назарын осы сөзге айдаруы мақсатымен айтылса керек. Екінші бөлікте четверть сөзі двадцать пять сөздері көмегімен нақтыланып отыр, сондықтан да тон двадцать сөзінде жоғары айтылып, төмен қарай бәсеңдей береді.

Елбасының жолдау сөзінде сұраулы сөйлемдер жиі кездеседі, оның басым бөлігі риторикалық сұрақ сипатында қолданылады. Бұл амал ораторлық сөздерде немесе көпшілік алдындағы сөздерде аудитория көңілін аударту мақсатында қолданылатын амалдардың бірі болып табылады. Жолдаулардағы спонтанды айтылған сөз бөлігінле 25 сұраулы сөйлем кездесе, оның ішінде екі ғана сұрақ нақты адамның аты аталып, қойылған, ал қалған 92%-ы аудиторияға бағытталғанымен, шын мәнінде жауап күтпейді.

(5) ... Алматының әбден бір қисайған үйлерінің ішінде тұрған үлкен емес фабрикаға барып, мынау костюмдер мен бәтеңкелерді неғып киіп жүрміз?...

Бұл мысал 2016 жылғы президент жолдауынан алынған. Онда елбасы елдің тауарларын дамытып, оны өзіміз пайдалану арқылы оларды қолдау керектігін өзінің жеке тәжірибесінен мысал келтіріп дәлелдеп отыр. Бұл мысалдың PRAAT бағдарламасына тек курсивпен берілген бөлігі ғана салып, талданды, өйткені осы бөлік сұрау мақсатында айтылып тұр.




5-сурет – Ер адам дауысымен айтылған сұраулы сөйлем мысалы. Логарифмдік шкалада көлденең жазықтықта секундпен өлшенген уақыт, тік жазықтықта тон жиілігі Гц-пен берілген.

Жоғарыда берілген суреттен көрініп тұрғанымыздай (Сурет 5.) сөйлеушінің дауыс ырғағы сұраулы сөзде (неғып) жоғары қарай яғни 137,5 Hz-тен 245,4 Hz-ке дейін көтеріледі, бұл 10 ST интервалын көрсетеді және тон киіп сөзінен бастап төмен қарай 108,2 Hz-ке (-14,2 ST) түседі. Арнайы сұраулы сөйлемнің сұраулы сөйлемнің басқа түрінен, мысалы жалпы сұраулы сөйлемнен айырмашылығы төменгі тонмен аяқталуында. Сөйлеушінің дауыс тонының орта шамамен 150 Hz деңгейінде бір қалыпты сақталуы байқалады. Бұл елбасының сөзінің төменгі тонмен айтылу ерекшелігінің бір дәлелі болса керек.

Сонымен қатар, сөйлеуші өз сөзінде маңызды цифрларды айту кезінде ерекше, жоғары тонды қолданғанын келесі мысалдан анық көруге болады.

(6) На двадцать пять тысяч тонн сахара мы теперь будем получать у себя, а это импортная продукция...

Бұл мысал инвестициялық жобаларды іске асыру мақсатында әрбір ауданның ерекшеліктерін ескере отырып, бағдарламалар жасау керектігін баса айтты, Алматы облысындағы қант зауытының қайта қалыпқа келтіріліп, қант өндірісінің артқанына халықтың назарын аудартып отыр. Сондықтан бұл жетістіктің дәлелі ретінде жиырма бас мың тонна қант өндірілетінін сандық көрсеткіш арқылы көрсетіп отыр.




6-сурет – Ер адам дауысымен айтылған сандық мысалы. Логарифмдік шкалада көлденең жазықтықта секундпен өлшенген уақыт, тік жазықтықта тон жиілігі Гц-пен берілген.

Логарифмдік шкаладағы көрінісін бейнелейтін суретте (сурет 6) ең жоғары тонмен – 224,9 Hz тыңдаушыға айтылып отыр. Бұл тыңдаушыға осы ерекше тонмен дыбысталған санның маңыздылығын көрсетеді. Цифр, күндер мен жылдар саяси дискурста ерекше мәнге ие, өйткені олар саяси дискурста қатысушылар сөзінің дәйектілігін сипаттауда қолданылатын негізгі амалдардың бірі болып саналады.

Қазақ халқының тарихына терең үңілсек, ел басқарған билер мен хандардың әрбір сөздері қазақ халқының мәдениетіне тән, оның байлығы мен тереңдігін көрсететін нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерге бай. Бұл халыққа астарлы ой салып, халық даналығына сілтеме жасаудың бір көрінісі. Қазақстан Республикасының алғашқы президенті Нұрсұлтан Назарбаев та осы сара жолды жалғастырып келе жатқан үлкен тұлғалардың бірі. 2016 және 2017 жылдарға Қазақстан халқына Жолдауындағы спонтанды сөздері бес паремия мысалымен ерекшеленеді. Сол сөздердің айтылу просодиясына көңіл ударып көрелік.

(7) ... заманың түлкі болса, тазы боп қу дейді

Бұл мақалды елбасы заманға сай болуымыз керек, заман талаптарына жауап бере алуымыз керек дегенді айтқысы келеді. Барлық даналық сөздерді елбасы бірқалыпты, жоғары тонымен ерекшеленбейтін, салмақты дауыс ырғағымен айтады. Бұл даналық пен мәдениетке деген құрметті көрсетеді.



7-сурет – Ер адам дауысымен айтылған паремия мысалы. Логарифмдік шкалада көлденең жазықтықта секундпен өлшенген уақыт, тік жазықтықта тон жиілігі Гц-пен берілген.

Жоғарыдағы суреттен анық көріп отырғанымыздай сөйлеуші түлкі мен тазы сөздеріне тон түсіріп айтып отыр, яғни ол заман мен қазақ халқы деген мағыналарды беріп отыр. Осы нақыл сөздегі аталмыш екі негізгі ұғымды баса айтып көрсетіп отыр, дегенмен де оның айтылу деңгейі 175,5 Hz-тен аспайды.

Саяси дискурс материалы болып табылатын Қазақстан Республикасының президенті 2016 және 2017 жылдары халқына жолдауындағы спонтанды (квазиспонтанды) сөзін талдау барысында, біз бірнеше тұжырымдама мен қорытынды жасадық. Мақалада берілген мысалдар негізінде елбасы жоғары тонды сұраулы сөйлем мен сандарды дыбыстау кезінде қолданса, төменгі дауыс ырғағы қайталама мысалдарында кездесті. 2016 жылғы Жолдау менен 2017 жылғы үндеуді салыстыра отырып, спонтанды (квазиспонтанды) сөйлеу үлгілері 2016 жылғы жолдауда орын алғанын аңғарамыз. Оны 2017 жылғы жолдаудың қандай да бір ерекше дауыс ырғағы мен тондағы өзгерістердің болмауы және бүкіл мәтіннің бір қалыпты айтылуы дәлел бола алады. Сонымен қатар қайталама мысалы бір рет, цифрды қолдану бір рет, сұраулы сөйлем бір рет қолданғанынан сөздің айтарлықтай әсерлі және стилистикалық тұрғыдан қанық түстермен әшекейленбегенін байқаймыз, ал бұл өз кезегінде спонтанды сөзге тән құбылыс емес. Бұл еңбек саяси дискурс саласында ауызша сөздерге жасалған практикалық жұмыстардың басы және алғышарты ғана боларына сенеміз.

Әдебиеттер

- 1 Ахатова Б.А. Политический дискурс и языковое сознание: монография. – Алматы: Экономика, 2006. – 302 с.
- 2 Кенжеқанова Қ.К. Саяси дискурстың прагматингвистикалық және когнитивтік компоненттері (қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар материалдары бойынша) / PhD докторы диссертациясы. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, 2015. 187 б.
- 3 Гиздатов Г. Медиальный дискурс Казахстана: социолингвистические аспекты // ҚазҰУ хабаршысы, филология сериясы. – 2015. – № 5 (157). – Б. 22-28.
- 4 Буркитбаева Г.Г. Деловой дискурс: онтология и жанры. – Алматы: Ғылым, 2005. – 230 с.
- 5 Асанова Г.С. Искери дискурстың табиғаты мен сипаттары. // ҚазХҚжәне ӘТ хабаршысы, филология ғылымдары сериясы. – 2014. – № 2 (33). – Б. 28-36
- 6 Kuznetsova T.D., Umutkulova A.N. Fostering academic written discourse in University: from theory to practice. // KarSU Bulletin. Philology Series. – 2016. – № 2(82). –P. 65-70
- 7 Жумагулова Н.С. К вопросу о нетрадиционных методах формирования языковой личности в учебном дискурсе. // Вестник КазНУ, филологическая серия. – 2011. – № 1(131). – С. 212-215
- 8 <https://www.youtube.com/watch?v=X2nyLKzFDVc>
- 9 <https://www.youtube.com/watch?v=A4INkiYwgBk>
- 10 Boersma P, Weenink D. Praat: doing phonetics by computer. Version 6.0.20.

11 Gomez, Fortanet, I., Belles Fortuno. B. Spoken academic discourse: an approach to research on lectures. // Volumen Monograico. – 2005. – P. 161-178 [electronic resource] URL: http://www.academia.edu/4358590/Spoken_Academic_Discourse_An_approach_to_research_on_lectures

12 Flowerdew, John, Miller, Lindsay. Lectures in a Second Language: Notes Towards a Cultural Grammar. // English for Specific Purposes. – 1996. – Vol. 15 – №2. –P. 121-140

References

- 1 Ahatova B.A. Politicheskij diskurs i jazykovoe soznanie: monografija. – Almaty: Jekonomika, 2006. – 302 s.
- 2 Kenzhekanova Q.K. Sajasi diskurstyng pragmalıngvistikalyq zhәне kognitivtik komponentteri (qazaq tilindegi merzimdi basylymdar materialdary boıynsha) / PhD doktory dissertacijasy. Al-Farabi atyndagy Qazaq ылtyq universiteti, Almaty, 2015. 187 b.
- 3 Gizdatov G. Medial’nyj diskurs Kazahstana: sociolıngvısticheskie aspekty // QazYU habarshysy, filologija serijasy. – 2015. – № 5 (157). – B. 22-28.
- 4 Burkitbaeva G.G. Delovoj diskurs: ontologija i zhanry. – Almaty: Gylym, 2005. – 230 s.
- 5 Asanova G.S. Iskeri diskurstyng tabigaty men sipattary. // Qaz HQzhane AT habarshysy, filologija gylymdary serijasy. – 2014. – № 2 (33). – B. 28-36
- 6 Kuznetsova T.D., Umutkulova A.N. Fostering academic written discourse in University: from theory to practice. // KarSU Bulletin. Philology Series. – 2016. – № 2(82). –R. 65-70
- 7 Zhumagulova N.S. K voprosu o netradicionnyh metodah formirovaniya jazykovoj lichnosti v uchebnom diskurse. // Vestnik KazNU, filologicheskaja serija. – 2011. – № 1(131). – S. 212-215
- 8 <https://www.youtube.com/watch?v=X2nyLKzfDVc>
- 9 <https://www.youtube.com/watch?v=A4INkiYwgBk>
- 10 Boersma P, Weenink D. Praat: doing phonetics by computer. Version 6.0.20.
- 11 Gomez, Fortanet, I., Belles Fortuno. B. Spoken academic discourse: an approach to research on lectures. // Volumen Monograico. – 2005. – P. 161-178 [electronic resource] URL: http://www.academia.edu/4358590/Spoken_Academic_Discourse_An_approach_to_research_on_lectures
- 12 Flowerdew, John, Miller, Lindsay. Lectures in a Second Language: Notes Towards a Cultural Grammar. // English for Specific Purposes. – 1996. – Vol. 15 – №2. –P. 121-140

Искакова Гульназ Нурдилдаевна, Карагойшиева Данель Алмасбековна

Баязитов Бакыткожа Баязитович КазНУ имени аль-Фараби. Просодия речи Президента.

В статье была сделана попытка определения просодических особенностей послания президента Республики Казахстан народу последних двух лет, то есть 2016 и 2017 годы. Анализ, проведенный помощью программы PRAAT, подразумевал определение особенностей тона голоса. Послание президента представляется к вниманию народа в устной и письменной формах. В настоящей статье была рассмотрена устная речь, в особенности спонтанная или квазиспонтанная речь. Согласно результатам исследования были выявлены категории с особенной просодией.

Ключевые слова: *дискурс, политический, просодия, послание, президент, спонтанная речь.*

Iskakova Gulnaz, Karagoishiyeva Danel, Bayazitov Bakytkozha teacher of al-Farabi KazNU. Prosody of the President’s speech.

The article made an attempt to determine the prosodic features of the political discourse based on the message of the President of the Republic of Kazakhstan to the people for the last two years, that is, 2016 and 2017. The analysis, carried out using the PRAAT program, implied the definition of voice pitch features. The President’s message is presented to the attention of the people in oral and written form. In this article, oral speech, in particular spontaneous or quasi-spontaneous speech was discussed. According to the results of the study categories with a special prosody were identified.

Keywords: *discourse, political, prosody, message, president, spontaneous speech.*

Редакцияға 01.08.2017 қабылданды.

ӨЖ 343.9

Ж.К. Каражанова

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің докторанты, Семей, Қазақстан

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КӨЗҚАРАСТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРЫП АЛДЫН АЛУДА МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ РӨЛІ

Бұл мақалада сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастырып алдын алуда мемлекеттік органдар қызметінің рөлі сұрақтары зерттелген. Автормен сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарастарды қалыптастыратын отандық және шетелдік заңнама талданған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдіру сұрақтары ерекше бөлінген, мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы нақты ұсыныстар берілген.

Түйін сөздер: *сыбайлас жемқорлық, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, мемлекеттік органдар ролі, алдын алу шаралары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет.*